

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН ҚАЗАҚ ЭКОНОМИСТІ - ӘЗІМБАЙ ЛЕКЕРОВ

Қуанышбаев А.Ж., 1 курс магистранты
Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
asylbekkuanysh3@gmail.com

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін әртүрлі саяси, тарихи күрделі кезеңдерді басынан өткерді. Солардың қатарында ұлт зиялыларының басым бөлігін жалмаған «сталиндік» саяси қуғын-сүргін жылдарын айта кетпеске болмас. Ресми деректерде бұл кезеңде тек ҚазақКСР-інде 103 мың шамасында азаматтар қамауға алынса, 25 мыңдай адамды ату жазасына кескен. Олардың басым бөлігін елі мен жерінің тұтастығы, халқының жарқын болашағы үшін аянбай еңбек еткен қазақ зиялы қауым өкілдері еді. Қуғын-сүргін құрбаны болған азаматтардың кейбірінің есімі 1950-жылдары ақталса, енді бір бөлігі еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана атала бастады. Кейінгі жылдары осы саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімін дәріптеу мақсатында көптеген шаралар ұйымдастырып, зерттеу жұмыстары да жүргізілуде. Осы зұлмат заманда репрессия құрбаны болғандардың қатарында есімі көп атала бермейтін, айтарлықтай терең зерттеле қоймаған тұлғалардың бірі Әзімбай Лекеров болып табылады. Қазақтан шыққан тұңғыш экономист ғалымдардың бірі болған Әзімбай Лекерұлы жайлы деректер де, ғалымның жазған қолжазбалары, кітаптар, тіпті суреттеріне дейін сол жылдары тәркіленіп, жойылған еді. Тек уақыт өте келе ғалымның отбасының ерең еңбегі нәтижесінде оның өмірі мен қызметі жайлы құнды деректер қолымызға жеткендігін айта кеткен жөн. Бұл ретте ғалымның жұбайы Халида Елкібаева мен қызы Айседора Ликерованың еңбектерін айтып өтпеске болмас.

Әзімбай Лекеров – мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, профессор, педагог. Семей өңірінің тумасы болып табылатын Әзімбай мырза қарапайым қазақ отбасында дүниеге келген. Отбасында өзінен бөлек тағы бес бала болған. Алғаш сауатын өз заманындағы көпшілік балалар сияқты алдымен белгілі ауыл молдасы Ғаббас мырзадан ашып, оқу, жазу, араб және латын тілдерін, тіпті орыс тілін де меңгереді, кейін 1914 жылға дейін бастауыш сыныптары училищесін, 1918 жылы Семейдегі ерлер гимназиясын тәмамдайды. Сегіз жылдық ерлер гимназиясы жабылғаннан кейін, әскери-революциялық комитет жас гимназистті қызметке тарта бастайды. Бұл ретте бала Әзімбайдың білімге, оқуға деген құштарлығын байқап, қолдау көрсеткен әкесі Лекер екендігін де сөз ете кеткен жөн [1, 23 с.].

Әзімбай Лекерұлының саяси қызметі 1920 жылы небәрі 19 жасында басталған еді. Сол кездің өзінде-ақ азамат соғысынан кейінгі жергілікті билік органдарын қалыпқа келтіру тапсырмасымен Зайсан уездіне жіберіліп, өзіне жүктелген міндетті орындап шыққан еді. Бұдан әрі оның қызметі Бөкей Ордасында жалғасын табады.

Жалпы 1921-26 жылдар аралығында Әзімбай Лекеров Қарқаралы, Павлодар уездерінің, кейін Бөкей және Ақтөбе губернияларының Атқарушы комитетінің төрағасы қызметтерін атқарады.

1925 жылы ол Ақтөбеде атқарушы комитеттің төрағасы қызметіне тағайындалып, КСРО ОАК мүшесі ретінде сайланады. Жалпы Әзімбай Лекеров басшылық қызметте болған жылдары ауыл шаруашылығының табысы 2,5 есе артса, егістік алқабы 22%-ға үлкейді. Ақтөбедегі қызметі барысында қоғам қайраткерінің жергілікті «Кедей – Беднота» газетінің редакторы болып, губернияның қаражаты, сауатсыздықты жою және әйелдердің қоғамдағы орнын жақсарту жайлы мақалаларын шығарады [1, 23 с.].

Дегенмен, жалпы ел үшін бұл өте ауыр кезеңдер еді. Халық жағдайын бар жан-тәнімен ұққан Ә. Лекеров сол кезеңде құрылған Ұлттар кеңесінің Орталық комитетінің мүшесі болса, кейін 1926 жылы ҚазақКСР Халықаратушылық комиссариатында бірнеше ай қызмет етеді. Осы кезеңнің өзінде қоғам қайраткері қазақ мәдениетін дамытуға бағытталған шараларға ерекше мән берген. Бұдан әрі ҚазақКСР Халық шаруашылығы орталық комитетінің төрағасы болып тағайындалады. Сол кезеңде ол қазақ даласындағы 1927-32 жылдарға жоспарланған алғашқы бес жылдық даму жоспарын әзірлеумен де айналысты. Бұл кезеңде Әзімбай Лекеровтың көтерген басты мәселелерінің бірі ұлттық кадр дайындау және тағайындау мәселелері мен өндіріс орындарын ұзақ мерзімге несиелеу болды. Бұдан әрі республикадағы өндірісті дамыту мақсатында Оңтүстік Сібір темір жол магистралін салу арқылы еліміздің батыс өңірлерін орталық аймақ арқылы солтүстік және шығыспен байланыстыруды ұсынды. Сонымен қатар, қазақ жастарының білім алуы, мәдени деңгейінің көтерілуіне де ерекше ден қойған еді. Өзінің тікелей қолдауымен ғалым 36 қазақ студентін Мәскеу, Ленинград, Томск университеттеріне оқуға жібереді.

Бесжылдық жоспар қабылданғаннан кейін Әзімбай Лекерұлы Мәскеуде арнайы курстан өтіп, 1932 жылы қаржыгер және жоспарлаушы экономист дипломын алады. Мәскеуде қалу жайлы ұсыныс айтылғанына қарамастан, Әзімбай Лекеров туған жеріне қайтуға шешім қабылдайды. Бұдан әрі жас жоспарлаушы экономисттің қызмет жолы сол кезеңдегі ҚазақКСР-нің астанасына айналған Алматы қаласында жалғасын табады. 1932 жылдың наурыз айынан бастап Ә. Лекеров ҚазақКСР Мемлекеттік жоспарлау Төрағасының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалды. Ол өзі жоспарын құрған бірінші бесжылдықтың қорытындылай отыра, екінші бесжылдық жоспарға үлкен үміт артқан еді[2, 51 с.].

Ал 1933 жылдың мамыр айында Әзімбай Лекерұлы Марксизм-ленинизм қазақ ғылыми зерттеу институтын басқарады. Басшылық қызметте бірден ұйымдастырушылық, әкімшілік-шаруашылық, ғылыми мәселелерді шешумен айналысады. Оның басшылығымен институт еліміздегі жетекші ғылыми мекемеге айналады. Институтта білікті кадрлар қызмет етіп, марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері қазақ тіліне аударылды, Қазан революциясы, қазақ халқының тарихы, ұлт-азаттық күрестері, Қазақстанның экономикасын дамыту жолдары сынды мәселелерді зерттеумен айналысты. Бұл жерде Ә. Лекеровпен қатар Қ. Жұбанов, Ғ. Тоғжанов, И. Қабылов, Ғ. Мүсірепов, Н. Манаев, Ғ. Искаков, Ж. Арыстанов, П. Кочетков, М. Жолдыбаев, С. Шарипов, С. Имбергенов сынды тұлғаларда жұмыс істеген еді.

Бұл кезең елімізде орын алып жатқан саяси, әлеуметтік ахуал өте күрделі еді. Елді кеңестік биліктің «асыра сілтеушілігі» салдарынан ашаршылық жайлаған еді. Өзіміз білетіндей, ашаршылық жылдары қазақ халқының 2 млн 300 мыңға жуығы қайтыс болады. Халықтың ауыр жағдайынан хабардар болған сол кездегі қазақ зиялы қауым өкілдері КСРО басшылығында отырған И.В. Сталинге хат жазып, жағдайды реттеуге тырысады. Тарих беттерінен бізге мәлім «Бесеудің хаты» да осы кезеңде жазылған еді. Дегенмен, оқулық беттерінде бұл хаттың авторы ретінде Мүсірепов, Ғабдуллин, Даулетқалиев, Алтынбеков, Қуанышев көрсетілген. Шын мәнінде, Сталинге хат жазуды ұсынып, басы-қасында жүрген Әзімбай Лекеров болған. Бұл жайында қоғам қайраткерінің жары Халида Елкібаева өзінің естеліктерінде де айтып кеткен екен: «Он екі адам жиналған еді. Күйеуім хаттың астына өз қолын қоймады. Себебі мәтін ішінде тек оған мәлім құпия сандар мен фактілер келтірілген еді. Дегенмен, олар хатты жіберіп те үлгермеді. Біреу Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф. Голощекинге бәрін жеткізіп берген екен. Күйеуімді жауапқа тартып, партиядан да шығарып жібермек болған. Ақыр соңында тек ескерту жасаумен тоқталады. Жолдасым

үйге келген соң басшылықтың халық өлімін тоқтатуға тырысқаны үшін оны жазалауын дұрыс емес деп есептейтінін айтып отырды» - дейді. Бұл жерде хат астына қол қойған қазақ зиялыларының Ф. Голощекиннің алдына жауап беруге барғанда бастапқы ойларынан айнып, ақыр сонында хатты Ә. Лекеровтың ықпалымен жазғандарын айтып, оны кінәлі етіп шығарғандықтарын айта кету керек. Әрине, бұл тек қара басының қамын ойлау емес, мәжбүрлі түрде жасалған әрекет те болуы мүмкін. Қалай десек те, ғалымның жұбайы жолдасының бұл жайтты естіп жас балаша еңірегін еске алады[1, 150 с.]. Ал Әзімбай Лекеровтың өзіне келер болсақ, басшылықтан сескенбей Ф. Голощекиннің алдында: «Біз Мемлекеттік комитетте екінші бесжылдықтың жоспарына кірісерде, өткен бесжылдықтың қортындысын жасадық. Иә, өнеркәсіп жағынан көрсеткіштер жаман емес. Ал ауыл шаруашылығында алға қойылған міндеттер орындалмаған. Халық саны мен мал басы күрт азайған. Ауылдардың аштықтан өлмегендері көршілес республикаларға, Қытайға жер ауып кеткен. Осының бәрі Өлкелік комитеттегі басшылардың Орталық Комитеттің шешімдерін орындау барысында жіберген қателіктері деп ойлаймын. Мен хаттың ауыл шаруашылығы жөнінде жазылған бөлігін толық құптаймын. Егер ауылдың жағдайын тез арада түземесек, ауылда тұрып жатқан қазақтарды аштықтан жаппай қырып аларымыз хақ. Қазақтардың тіршілік көзі - мал. Сол малын түгел тәркілеген соң аштыққа ұрынып жатыр. Ауыл шаруашылығына келгенде Өлкелік комитеттің ұстанған бағыты мен саясаты дұрыс болмады. Бұл туралы мен бұрын да айтқанмын. Республикада ешқандай да «Кіші Октябрьді» жүргізудің қажеті жоқ еді. Өйткені қазақ жерінде капитализм орнамаған, социализмге феодалдық қоғамнан бір-ақ өтті. Сондықтан мешеу елдің дамымаған таптарымен қандай да бір революциялық күресті жүргізудің қажеттілігі жоқ болатын. Халықты екі тапқа бөліп, бірінің соңына бірін салып қойғаннан ешкім де ұтқан жоқ. Ұтылған - тек социализм құрылысы ғана. Меніңше, басшылар дұрыс шешім қабылдау үшін, Филипп Исаевич, әуелі сіз бастап облыстарға шығып, аудандарды аралап, халықтың күйзелген жағдайын өз көзіңізбен көргеніңізде, қазақ халқының ұлттық ерекшелігімен танысқаныңызда республика мұндай ауыр жағдайға ұшырамаған болар еді. Өкінішке қарай, олай болмады» деп ашығын айтқан екен. Жағдайдың немен аяқталғанын жоғарыда айтып өткен едік.

1933 жылы Ф. Голощекин биліктен кеткеннен кейін бірінші хатшы қызметіне Л. Мирзоян тағайындалады. Ол Лекеровқа жарияланған сөгісті жоққа шығарып, Қазақстандық марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институтының директоры қызметіне тағайындайды. Алайда, көп ұзамай Сталинге жазған хатында Әзімбай Лекеровты оңшылдар және троцкисттермен байланысты ұлтшыл-фашисттік ұйымдардың мүшесі деп көрсетеді. Жалпы ұлтшыл фашизм айыбымен 400-ден астам қамауға алынған еді.

1937 жылдың 20 шілдесінде Мемлекеттік жоспар саяжайында Ә. Лекеров өзінің отбасымен еңбек демалысын өткізіп жатқан еді. Бұл тек Лекеровтың отбасы емес, барша қазақ зиялы қауым өкілдері үшін ауыр кезеңнің басы еді. Дәл осы күні Әзімбай Лекерұлын қамауға алып, қызмет еткен институты мен саяжайда тінту жұмыстары жүргізілген еді. Ғалымның ғылыми еңбектері де, мақалалары да, жеке хаттары мен фотосуреттері де осы тінту кезінде тәркіленіп, көбісі кейініек жойылған еді. Ә. Лекеровты әскерилер тұтқындап алып кеткен соң, жұбайы Халида Елкібаева «Казахстанская правда» газетінен «халық жаулары» - Рысқұлов, Ходжанов, Лекеров, Тоғжанов, Жүргенов, Асфендияров және т.б. жайлы мақала оқиды.

Бұл Лекеровтың отбасы үшін өте ауыр кезең болды. Халида ханым бұл кезде екінші баласына аяғы ауыр еді. Аз уақыттан кейін дүниеге Альфия есімді қыз әкеледі, ал үлкен қыздары Айседора бұл кезде небәрі төрт жаста еді. Алайда бұл екіперзентінде Әзімбай Лекерұлы бұдан кейін көре алмады. Жұбайы естеліктерінде күйеуіне балаларды алып келіп,

көрсеткісі келгенімен, Әзімбай Лекеров өзінің көп ұзамай ақталып шығатынына, бұл жай ғана түсінбестік екендігіне сенгендігін айтады. Бастапқы кездесулерде күйеуінің таза киімде, сақал-мұрты қырылған, әдеттегідей кейіпте болғанын да еске алады. Ұзақ уақытқа созылған үзілістерден кейін Халида ханымға жолдасымен кездесуге рұқсат тек 1938 жылдың ақпан айында беріледі. Естеліктерінің бірінде: «Тергеушімен тілдесіп отыр едім, бөлмеген біреуді алып кірді. Бетіне бір қарадым да, әрі қарай әңгімемді жалғастыра бердім. Тергеуші маған біртүрлі қарады да, кірген кісіні көзімен меңзеді. «Бұл бүкірейген, әбден қиналған, шаршаңқы, арықтап, азып кеткен, сақал-мұрты шығып, шашы өсіп кеткен, көзінде оты жоқ «шал» - менің күйеуім бе?» деген ой туындады. Қамауда отырған жарты жылдың ішінде 36 жасар дені сау, өмірге құштар ер азаматтан ештеңе қалмаған. Тек дауысы ғана сол қалпы еді. Мен не істерімді білмей, сіресіп тұрып қалдым. Өзімді өте жаман сезіндім. Әзімбай мені құшақтап, кешірім сұрап, жылай берді. Бұл мен жан-тәніммен жақсы көрген адамыммен соңғы рет кездесуім еді...» - деп өкінішпен еске алады[3, 155 с.].

Халида Елкібаева келесі жолы жолдасын көру үшін келгенінде оған сот болып, Ә. Лекеров өзінің кінәсін мойындады, сот шешімімен күйеуі 10 жылға хат алмасу құқығынсыз лагерьге жіберілгендігін айтады. Дегенмен, бұған дәлел болар ешқандай құжат қолына берілмеген. Шын мәнінде, бұл кезде Әзімбай Лекерұлы қайтыс болған еді. 1938 жылдың 26 ақпанында оны ату жазасына кеседі. Есімі үлкен әріппен тарихта сақталатын тұлғамыз небәрі 36 жаста еді.

Ресми құжаттарда Әзімбай Лекерұлы Лекеров 1938 жылдың 26 ақпанында «1937 жылы 27 қарашада ҚазақКСР ішкі істер наркомының орынбасары Володзько бекіткен айыптау қорытындысында РКФСР қылмыстық кодексінің 58 статьясының 2, 7, 8 және 11 баптары бойынша Әзімбай Лекерұлына мынадай айыптар тағылды: «ҚазақКСР антисоветтік ұлтшыл лаңкестік көтерісшіл және тыңшылық-диверсиялық ұйым ашылды және жойылды. Бұл ұйым өзінің алдына Совет өкіметін құлатуды, Қазақстанды КСРО-дан қарудың күшімен бөліп әкетуді және Жапонияның қол астындағы қазақ буржуазиялық мемлекетін құруды мақсат еткен. Осы мақсаттар үшін антисоветтік ұлтшыл ұйым өнеркәсіп саласында және ауыл шаруашылығында диверсиялық-зиянкестік жұмыстарды жүргізген, КСРО қарсы шетелдік әскери интервенцияға туралап қарулы көтерілісті дайындаған, сонымен қатар Совет өкіметі мен ВК(б)П басшылығына қарсы лаңкестік ұйымдастыруды көздеген. Қазақстандағы антисоветтік ұлтшыл ұйым революцияға қарсы әрекеттері барысында герман және жапон фашистік үкіметінің барлау органдарымен байланыс орнатқан және солардың тапсырмасы және нұсқауы бойынша тыңшылық жұмыстар жүргізген. Аталған ұлтшыл ұйым Жапон-герман агенттерімен тыңшылық байланыс және ақ эмигранттар Мұстафа Шоқай мен Райымжан Марсековпен байланыс орнатқан. Бұл ұйымның Қазақстандағы негізін қалаушылардың және басшыларының бірі айыпталушы Лекеров Әзімбай Лекерұлы болды. Тергеу барысында анықталғандай – Лекеров Совет өкіметіне қарсы күресті 1923 жылы бастаған. Антисоветтік Нұрмақов тобының құрамында революцияға қарсы қызметін белсенді жүргізген. Оны бұл ұйымға топ басшысы Нұрмақов тартқан.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып Лекеров Әзімбай Лекерұлы 1901 жылы дүниеге келген. Шығыс Қазақстан облысы, Семей ауданының тумасы. Әлеуметтік жағынан қызметкер, білімі жоғары, Қызыл профессура институтын бітірген. 1920-1937 жылдары аралығында ВК(б)П мүшесі болды. Тұтқындалғанға дейін Қазақ Марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институтының директоры болып істеді.

Ол мынадай айыптармен айыпталады:

А) 1926 жылдан бастап антисоветтік ұлтшыл лаңкестік-көтерісшіл, тыңшылық-диверсиялық ұйымның мүшесі ретінде бұл ұйымның басшылық қызметіне белсене қатысты.

Б) Антисоветтік ұйымға жаңа мүшелерді тартты.

В) Халық арасында антисоветтік, көтерісшіл көңіл-күйді құру мақсатында тікелей өзі және ұйымның басқа да мүшелері арқылы ғылым, жоспарлау және адал шаруашылығы саласында зиянкестікті іске асырды.

Г) РКФСР қылмыстың кодексінің 58-статьясының 2, 8 және 11 баптарында қарастырылған лаңкестік топтар мен ұйымдардың бар екені туралы білген.

Өзіне тағылған айыптаулар бойынша Лекеров Әзімбай Лекерұлы өзін кінәлімін деп мойындады және оның қылмысы Рысқұловтың, Қожановтың, Нұрсейітовтың, Көшенбаевтың, Алихановтың, Сұлтанбековтың, Кенжиннің, Игеновтың, Тоғжановтың, Төреғожиннің, Асылбековтың, Есқараевтың, Құлымбетовтың, Қуанышевтің, Нахимжанның, Молдажановтың, Алибаевтың, Нұрмахамедовтың көрсетулері бойынша да дәлелдене түсті. Жоғарғы сот Әскери коллегиясының үкімемен ату жазасына кесілсін» деп көрсетілген[4]. Ату жазасына кесілгеннен кейін Алматы қаласы маңындағы Жаңалық кентіндегі сол кездегі жалпы жерлеу орнында жерленген.

КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясының 1957 жылғы анықтамасында «Қосымша тексеріс деректеріне сүйене отырып, Лекеров негізсіз сотталды» деп жазылған. Алайда бұл жайында Әзімбай Лекерұлының отбасы тек 1993 жылы білген еді.

Әзімбай Лекеровтың саяси қызметінен бөлек, оқу-ағартушылықпен де айналысқанын айттық. Ғалымның бастамасымен К. Маркстің «Коммунистік партияның манифесі», «Франциядағы азамат соғысы», Ф.Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» атты еңбектерін, К. Маркс пен Ф.Энгельстің екі томдық шығармалары жинағын, В.Лениннің толық жинағының екі томын, И.Сталиннің «Қан майданында», «БК(б)П-ның оңшыл қауіпі туралы», «Ұлы төңкеріс кезеңінде», «Колхозшы жолдастарға жауап» атты және тағы да басқа еңбектерін қазақ тіліне аударылған. Сондай-ақ, оның НКВД қызметкерлерінің тінтуі кезінде тәркіленген «Қазақстанның революцияға дейінгі экономикасы», «Қазақ пролетариатының қалыптасуы», «Қазақтың қоғамдық ақыл-ойы дамуының тарихынан» сынжы ғылыми еңбектері бүгінгі күнге дейін табылмай отыр[5, 9 с.].

Осылайша, бүгінде елі үшін жанын қиған азаматтың мұрасы қолда болмаса да, ерлігін келер буынға жеткізетін ұрпақтарының көзі тірі. Әзімбай Лекеровтың өмірі мен қызмет жолын, шығармаларын насихаттауда оның жұбайы мен қызының еңбегі зор. Өкінішке орай, жұбайы Халида Елкібаева да өмірден өтті. Сондықтан, қазақ халқы үшін қилы заманда елі үшін, халқы үшін биліктен қорықпай қызмет еткен батыл перзенттің есімін ұлықтау, көпшілік арасында насихаттау бүгінгі ұрпақтың міндеті деп білемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Канафина Ж. Азимбай Лекеров: вычеркнутая жизнь первого экономиста // Караван 2014. – 4 июля (№26). – С.23.
2. Ликерова А. Первый экономист-профессор Азимбай Лекеров. Время и судьба. – Алматы: Арыс, 2013. – 280 с.
3. Елькибаева Х. Мой муж Азимбай Лекеров – жертва политической репрессии // Туған өлке = Родной край, 2003. - №1-2. – С.149-156.
4. <https://qazaq1913.com/2024/01/04/t-ysh-zhosparlaushy-jekonomisi-nemese-lekerov-neden-zhazy-ty-boldy/>Тұңғыш жоспарлаушы экономисі немесе Лекеров неден жазықты болды?
5. Адырбекұлы К. «Бесеудің хаты» немесе Лекеров неден жазықты болды? // Түркістан, 2013, №16 (25 сәуір). – С.9.